

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина



## **ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **ПОЛОЖЕНИЕ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Нұр-Сұлтан  
2021**

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2021 жылғы 12 наурыздағы № 1 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 1 от 12 марта 2021 года).

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы Ереже –  
Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 67 б.

Положение об организации дистанционного обучения –  
Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 67 с.

Ережеде орта білім беру ұйымдарындағы қашықтан оқытуды ұйымдастырудың талаптары мен Ережелері, халықаралық және отандық тәжірибелердің талдауы, қашықтан оқытудың оқу процесін ұйымдастыруға арналған ұсынымдар берілген.

Ереже облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың / кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, орта білім беру ұйымдарының директорларына, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге арналған.

В Положении предложены Требования и Правила организации дистанционного обучения в организациях среднего образования, представлено описание международного и отечественного опыта, даны методические рекомендации по организации учебного процесса дистанционного обучения.

Положение предназначены для руководителей и методистов областных (районных) методических центров / кабинетов, директорам, заместителям директоров по учебной, воспитательной работе, педагогам организаций среднего образования.

© Ы.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2021  
©Национальная академия образования  
им. И.Алтынсарина, 2021

## Кіріспе

2020 жылдың 8 қаңтарында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Атап айтқанда, 2007 жылғы 27 шілдедегі «ҚР Білім туралы» заңында қашықтан оқыту ұғымы нақтыланып, оны жүргізу тәртібіне анықтама берілген [1].

2020 жылы Covid-19 эпидемиологиялық жағдайына байланысты бірінші рет тек жоғары оқу орындары ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының барлық білім беру деңгейлері қашықтан оқытуға көшті. Білім беру ұйымдарының орта білім деңгейінің қашықтан оқытуға көшуі «ҚР Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы негізінде жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта қашықтан оқыту бойынша орта білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (ары қарай Академия) келесі құжаттарды әзірледі және академияның сайтына орналастырды:

1) Мұғалімдерге арналған ұсыныстар: қашықтан оқытуды қалай ұйымдастыруға болады [2];

2) Шектеу шаралары жағдайында оқу кезеңінде қалыптастырушы бағалау туралы Жадынама [3];

3) Білім алушыларға қашықтан оқыту кезеңіндегі уақытты басқару жөніндегі нұсқаулық [4];

4) Мектеп оқушыларын қашықтан оқыту кезеңінде ата-аналарды психологиялық қолдау бойынша ұсыныстар [5].

Барлық аталған құжаттар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған.

Сонымен қатар, Академия 2020 жылы білім берудің орта деңгейіндегі оқу процесіне қатысушылар арасында онлайн форматта зерттеу жүргізді. Сауалнама бойынша қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Академия қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірледі.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

– қашықтан оқыту теориясы бойынша әдеби дереккөздерді зерделеу, талдау жүргізу;

– қашықтан оқытудың нормативтік-құқықтық базасын анықтау;

– қашықтан оқыту тәжірибесіне талдау жасау;

– қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Бұл Ереже облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, орта білім беру ұйымдарының директорларына, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге арналған.

## **1. Қашықтан оқыту технологияларын (халықаралық және отандық тәжірибе) пайдалана отырып, оқыту процесін талдау**

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, коронавирустық пандемия кезінде барлық елдер ҚО көшуге мәжбүр болды. АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Австралия және т.б. елдердің тәжірибелері көрсеткендей, көптеген шетелдік жоғары оқу орындарында онлайн және офлайн оқытуды үйлестіре отырып, "blended learning" оқытудың жаңа форматы қолданылды. Бұл ретте, шетелдегі білім беру ұйымдарының көпшілігі оқу процесін ұйымдастыру нысандарын және оқыту тәртібін дербес айқындады.

IDC бағалауы бойынша Еуропада ҚО білім беру жүйесі үштен бірін алады. Түркиядағы студенттердің жартысы қашықтан білім алуда. Индира Ганди атындағы Үнді университетінің студенттерінің саны ҚО бір миллионнан асты [6].

ҚО жақын шетел елдерде де қарқынды дамуда: Ресей, Украина, Беларусь және басқа мемлекеттерде ҚО жүйесінің қалыптасуы белсенді жүріп жатыр. Сонымен қатар, Украинада көптеген оқу орындары ҚО пайдалануда қиындықтарға тап болды, атап айтқанда: педагог кадрлардың дайындығы, елдің қазіргі экономикалық болмысында халықты интернетпен қамтамасыз етуі [7].

Жалпы, бүгінгі күні барлық қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында офлайн және онлайн сабақтарды араластырып оқыту арқылы ҚО жүзеге асты. Елдегі және бүкіл әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиннен туындаған ҚО оң және теріс жақтарын көрсетті.

Қазақстанда 2020 жылы қашықтан оқытуға білім берудің барлық деңгейлері көшті. Оқытудың жаңа форматына дайындық барысында келесі негізгі мәселелер анықталды:

- 1) осы форматта нормативтік реттеу мен жұмыс тәжірибесінің болмауы;
- 2) орта білім беру жүйесінің дайындық факторы: дағдарыс жағдайында қашықтан оқытуға көшу - педагогтарды даярлау, әсіресе ауылдық мектептерде жеткіліксіз екенін көрсетті.
- 3) сыртқы факторлар: интернет-байланыс, инфрақұрылым, компьютерлер мен коммуникацияға арналған жабдықтардың жетіспеушілігі;
- 4) барлық білім алушылардың бір мезгілде стримингтік қосылыстарын ұйымдастыру үшін отандық ІТ платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің және интернет арқылы сабақтар өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын қолдану туралы шешім қабылданды:

- интернет арқылы оқыту;
- теледидар арналары мен радио арқылы оқыту;
- шалғайдағы ауылдарда штаттық режимде оқытуға, сондай-ақ, мектептері жоқ елді мекендерде оқу материалдарын пошта арқылы жіберу. Білім беру ұйымдарында "Daryn.Online", "Күнделік" және " BilimLand" платформалары қолданылды. Бұл алаңдарда білім алушылар оқу бағдарламаларына сәйкес келетін бейнесабақтарды тауып, танысқаннан кейін

өз мұғалімдерінен тапсырмалар алу қажет және өткен материал бойынша сұрақтарға жауап береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтер сабақты шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізді. Мысалы, Microsoft Teams, Meet by Google Hangouts және т. б. "Балапан" және "Ел арна" арналарында телевизиялық сабақтар арқылы оқыту кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, бейінді министрлік пен "Қазақстан РТРК" корпорациясының қолдауымен жергілікті арналарда телесабақтарды ретрансляциялау ұйымдастырылды[8].

Сонымен қатар, 2020 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім беру деңгейіндегі білім беру процесіне қатысушылар арасында қашықтан оқыту бойынша оң пікірлер мен өзекті мәселелерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізді [9]. Зерттеуге 37933 білім алушы, 54845 педагог, 14 облыс пен Республикалық маңызы бар қалалардан 100123 ата-ана қатысты. Аумақтық тиістілік бөлінісінде ауыл мектептерінен оқитындар саны – 20 638, қалалық мектептерден оқитындар саны – 16 688 адам. Зерттеуге ШЖМ білім алушылары да қатысты – 607 адам. Қазақ тілінде білім алатын респонденттер саны – 21 100, орыс тілінде білім алатын респонденттер саны – 16 833 адамды құрады.

Зерттеумен бастауыш, негізгі және жоғары мектеп оқушылары қамтылды. Зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылар үшін қашықтан бойынша келесілер анықталды:

- мұғалімнің тапсырмаларын орындау үшін қажетті қарқыны мен қолайлы форматын өзі таңдайды;

- мұғалімнің сабақ жазбасын бірнеше рет тыңдау мүмкіндігі бар;

- танымдық материалды өз бетінше табады және оны зерттейді, жүйелейді;

- жауапкершілік, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі бақылау сияқты жеке дағдыларды қалыптастыру, мысалы: оқушылардың 49%-ы қашықтан оқыту кезінде өздігінен жұмыс жасады, респонденттердің 12,1%-ы жауапты болды. Оқушылардың 10,7%-ы қашықтан оқыту көп өзіндік жұмысты орындауды талап ететінін атап өтті;

- респонденттердің 88%-на үй жағдайында онлайн оқыту үшін тиісті жағдайлар жасалған. Іс жүзінде ауылдық және қалалық оқушылардың көрсеткіштері тең (ауыл – 48,5%, қала – 49,7%, ШЖМ – 1,8%).

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі бойынша қашықтан оқытудың төменгі аспектілері анықталды:

- әлеуметтік қарым-қатынастың болмауы. Респонденттердің 46%-дан астамы достарымен, 17,4% - ы мұғалімдерімен қарым-қатынас жасауды қажет етті;

- жылдамдығы жоғары және тұрақты интернеттің болмауы;

- білім алушылардың 41%-на көру қабілетіне жүктеме түссе, 25%-ы күн режимінің бұзылуын атады;

- оқушылардың 56%-дан астамы болашақта қашықтан оқытуды пайдаланғысы келмейді. Респонденттердің тек 28,6% ы жаңа форматта оқуды

жалғастырғысы келеді. Ауылдық және қалалық мектеп оқушыларында айтарлықтай айырмашылықтар тіркелген жоқ.

#### Қорытынды

Оқу процесінің дәстүрлі түрі көптеген білім алушылар үшін қолайлы екенін көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік орта мен құрбы-құрдастарымен тікелей қарым-қатынаста болмауы, техникалық жабдықтар мен интернеттің қиындықтары кедергі туғызды. Педагогтер үшін оқытудың цифрлық құралдары мен тәсілдерін қолдану аса өзекті екенін көрсетті.

Зерттеу сұрақтары бойынша педагогтердің жауаптарының нәтижелері:

- педагогтердің бір сабақты дайындауға көп уақыт жұмсалғаны байқалды;

- респонденттердің үштен бір бөлігі өздерінің психоэмоционалды жағдайын оң, респонденттердің көпшілігі "ауыспалы" деп бағалады;

- педагогтер қашықтан оқыту кезінде оқушылардың ынталануы - педагогтер мен ата-аналар тарапынан бақылаудың күшеюіне байланысты деп атап өтті.

Педагогтер келесі қиындықтарды көрсетті:

- Интернет байланысының шектеулігі, яғни жылдамдығының төмен немесе тұрақсыз болуы;

- педагогтердің 80%-дан астамы IT-құзыреттер бойынша біліктілікті арттыру курстары қажет екендігін атап өтті;

- орта білім беру жүйесінде аралас оқытуды дамытуды қажет етеді.

Ата-аналар арасындағы зерттеу нәтижелері:

- ҚО жағдайында білім алушылар жалпы оқу материалын (95%) меңгереді, алайда толық меңгеруі білім алушылардың 47%-ында, ішінара меңгеруі білім алушылардың 48%-ында байқалады;

- білім алушылардың 59%-ында оқуға деген ынтасы артты ("иә" және "жоқ" деген жауаптар нұсқалары ескерілді);

- респонденттердің 83% педагогтердің жұмысын "өте жақсы" және "жақсы" деп бағалады;

- респонденттердің балалары пайдаланатын ең тиімді және ыңғайлы электрондық платформалар – Kundelik.kz (40%) және Білімлэнд (35%);

- оқушылардың қашықтан оқытуға дайындығы 56% құрады ("иә" және "иә, жоқ" жауаптарының нұсқалары ескерілді). Бірақ айырмашылық дайындық пен дайын болмауда - 43%;

- қашықтан оқыту жағдайында ата-аналар өз балаларына қолдау көрсетеді- 91%, олардың 46%-ы белсенді, 45% - ы мүмкіндігінше;

- респонденттердің 50%-ы ата-аналардың педагогтермен қарым-қатынасындағы психологиялық жүктемелердің төмен екенін атап өтті.

- респонденттердің 63% балалардың қашықтан оқыту жағдайындағы белсенділігін көрсетті;

- балалар әртүрлі ақпарат көздерінен ақпаратты сәтті табуды (55%) және компьютермен жұмыс жасаудың көптеген дағдыларын игерді (32%).

Зерттеу мен зерттеуді қажет ететін мәселелер:

- 45% білім алушыларға ҚО ыңғайсыз;

- балаларда келесі өзгерістер байқалды: олардың 17% өздігінен жұмыс жасады, 12%-нда жауапкершілігі артты, бірақ кейбір білім алушылардың күн режимі бұзылды - 15%;

- ата-аналардың 46%-ы балаларымен сөйлесуге жеткілікті уақыт тапты және олардың эмоционалды жағдайын бақылады. Респонденттердің 21%-ы балалардың қарым-қатынас сапасына қанағаттанбайды, 20%-ы ҚО жағдайында балаларының психоэмоционалды жағдайын тануда және түсінуде қиындықтарға тап болды. Бұлар алаңдаушылық тудырды, бірақ барлық ата-аналардың 13%-ы балаларын қолдауға жеткілікті уақыт таба алмайтынын белгіледі.

Қорытынды:

Осылайша, мониторингтік зерттеуден алынған нәтижелер ҚО енгізудің бүкіл оқу процесіне, оның ішінде күтпеген жағдайларға жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Қашықтан оқыту жалпы білім беру парадигмасын өзгерте алады, өйткені ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесінің дамуын жеделдетіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін құруға ықпал етеді.

## 2. Орта білім беру ұйымдарына арналған қашықтан оқыту туралы Ереже

### Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі «ҚР Білім туралы» заңның 5-бабының 25-тармақшасына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды (бұдан әрі - Талаптар) және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларды (бұдан әрі - Қағидалар) белгілейді.

2. Талаптар мен Қағидалар қашықтан оқыту жағдайында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін әзірленді.

3. Осы Талаптар мен Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қашықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) – педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

2) синхронды оқыту форматы – ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі-АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, педагогтің білім алушылармен нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) болжайтын қашықтан оқыту;

3) асинхронды оқыту форматы – педагогтің білім алушылармен, оның ішінде АЖ және басқа да байланыс құралдары арқылы және кейіннен педагогтің кері байланысымен өзара іс-қимылын көздейтін қашықтан оқыту.

4) дәстүрлі (штаттық) оқыту – педагог пен білім алушылардың тікелей білім беру ұйымдарында өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

5) аралас оқыту – дәстүрлі және қашықтан оқытуды үйлестіру негізінде оқыту;

6) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы[10];

8) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – ЦБР) – білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті цифрлық форматтағы оқу пәндері бойынша дидактикалық материалдар;

9) онлайн прокторинг – қашықтан оқыту кезінде білім алушының тәртібін қадағалау және бағалау рәсімін өткізуді бақылау технологиясы.

10) шағын жинақты мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

11) телесабақтар (ТВ-сабақтар) – телевизияның эфирлік, кабельдік,



спутниктік және цифрлық жүйелерін пайдалана отырып трансляцияланатын сабақтар;

12) цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру [10].

### **1-тарау. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар**

4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖБС) негізінде ҚО бойынша оқу процесін жүзеге асырады; Үлгілік оқу жоспарларының орындалуын және білім алушылардың тиісті Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етеді.

5. Қашықтан оқыту келесі жағдайларда ұсынылады:

1) Шектеу шаралары әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайлары кезеңінде;

2) Дәстүрлі оқытуда:

– денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру ұйымдарына тұрақты бара алмайтын білім алушылар үшін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін (ЕБК);

– дарынды балалар – білім беру ұйымдарында білім алатын, халықаралық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысушылар;

– үй жағдайында дербес білім алушылар және шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарының балалары үшін (қызметтік іссапарлар, тағылымдамалар, оқыту);

– шағын жинақталған мектептерде пән педагогтеріне бос орын болған жағдайда оқу пәндері бойынша;

– Үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентін таңдау бойынша.

6. Білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар:

Білім беру ұйымдарында қашықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде мынадай талаптар орындалуы тиіс: ақпараттық жүйенің, цифрлық білім беру ресурстарының және бейнесабақтардың болуы, сымсыз технологияларды қоса алғанда, жоғары жылдамдықты интернеттің болуы, тиісті материалдық-техникалық база, кадрлармен қамтамасыз ету.

6.1. Ақпараттық жүйеге (бұдан әрі-АЖ) қойылатын талаптар:

Ақпараттық жүйе оқу процесін бағдарламалық, техникалық және ұйымдастырушылық қолдау құралдарының жиынтығы ретінде мыналарды қамтуы керек:

– педагогтер мен білім алушылар үшін күру нүктесінің бірдей болуын/бірыңғай қосылуын;

- МЖМБС-қа, Үлгілік оқу бағдарламаларға сәйкес келетін оқу материалдарын, цифрлық білім беру ресурстарын;
- мектеп кітапханаларының электрондық қорларына қол жеткізуін;
- білім алушылар мен педагогтердің өзара іс-қимыл жасау құралдарын;
- оқыту кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу құралдарын;
- ҚО сабақтарын, оқу тапсырмаларын әзірлеуге және толықтыруға арналған икемді құралдарды.

6.2. Цифрлық білім беру ресурстары мен бейнесабақтарға қойылатын талаптар:

- «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестігі[11];
- МЖМБС, орта білім беру деңгейінің Үлгілік оқу бағдарламалардың талаптарына сәйкестігі;
- білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, дидактикалық принциптеріне сәйкестігі;
- бейненің, аудиожазбаның және бейнежазбаның стандартты форматтары мен өлшемдеріне сәйкестігі;
- ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланылуын;
- сабақ кезеңдерінің сақталуы;
- нақты және (немесе) логикалық қателердің болмауы.

6.3. Сымсыз технологияларды қоса алғанда, Интернетке және МТБ-ға қойылатын талаптар:

- қолданбалы және бағдарламалық-аппараттық кешенге қойылатын талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, компьютерлермен қамтамасыз ету;
- интернет жылдамдығы бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес бір оқушы үшін секундына 500 килобит (Кбит/с) келуі, стриминг тәртібінде өтетін іс-шаралар үшін кемінде 1 Мбт/с ;
- Интернет қызметіне қойылатын ең төменгі талаптар: әрбір ақпараттық жүйенің бір нүктеден қосылуы: ауыл үшін жылдамдық-4 Мб/с бастап; аудан орталығы үшін-10 Мб/с бастап; облыс орталығы үшін-30 Мб / с .[12];

6.4. Педагогке қойылатын талаптар:

- біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тренингтер арқылы ІТ құзыреттілікті тұрақты жетілдіру;
- оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіру;
- оқу процесінде қашықтан оқытудың түрлі әдістері мен технологияларын қолдану;
- оқушылардың оқу жетістіктері бойынша білім алушылармен және олардың ата-аналарымен/ заңды өкілдерімен кері байланысты қамтамасыз ету.

8. ҚО бойынша оқу процесін іске асыру үшін шектеу шаралары кезеңінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім беру ұйымы СанҚжН талаптарына сәйкес болуы керек [13].

## **2-тарау. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары**

9. Елде немесе өңірде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға, оның ішінде қолайсыз ауа райы, метеожағдайларына байланысты шектеу шаралары жарияланған жағдайда, білім беру ұйымы басшысының тиісті аймақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерімен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімі негізінде мерзімдері мен жұмыс тәртібін көрсете отырып, білім алушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру туралы бұйрығы шығарылады.

### **9.1. Білім беру ұйымы:**

– қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады және оқу процесін ұйымдастыруға және техникалық сүйемелдеуге жауапты адамды тағайындайды;

– мектеп құжаттамасын дайындауды (сыныптар контингенті, жұмыс кестесі, сабақ кестесі), ҚО-ға көшу алгоритмін әзірлеуді қамтамасыз етеді;

– педагогтер мен білім алушыларды компьютерлік техникамен және интернетпен қамтамасыз етілуін, ақпараттық жүйеге қосылуына мониторинг жүргізеді;

– ҚР еңбек заңнамасына сәйкес ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, қосалқы және техникалық персонал) функционалдық міндеттерін бөледі;

– оқу материалдарын, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, ЦБР қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

– синхронды, сондай-ақ, асинхронды форматында оқыту сапасын мектепшілік бақылауды және қашықтан оқытуды үйлестіруді жүзеге асырады;

– білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша педагогтердің жұмысын үйлестіреді;

– қабылдау-беру актілеріне сәйкес мектептен білім алушыларға компьютерлерді уақытша пайдалануға беру туралы Ұлттық білім беру деректер базасын (бұдан әрі – ҰБДҚ) толтыруды қамтамасыз етеді;

– білім алушылардың сабаққа қатысуы, оқу жетістіктері туралы ақпаратты ата-аналарға/заңды өкілдерге жеткізеді және қажетті шараларды уақытылы қабылдайды;

– ата-аналарға/заңды өкілдерге сабақ оқуға қажетті жағдайлар жасау туралы нұсқау береді (жұмыс орнын және жабдықты қамтамасыз ету, оқытуды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау);

– білім алушыларға қашықтан оқыту кезінде сабақ барысындағы тәртіп ережелерін, этикалық нормаларын түсіндіреді.

9.2. Ата-аналар/ заңды өкілдер қашықтан оқыту жағдайын (жұмыс орны, компьютердің / ноутбуктің, бейнебайланыстың болуы, интернетке қосылу), сабаққа қатысуын және оқу тапсырмаларының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

9.3. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесі кестеге сәйкес синхронды немесе асинхронды форматында жүргізіледі.

9.4. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына қарай

кезекші сыныптарды қалыптастыра отырып аралас оқытуға немесе дәстүрлі оқытуға көшеді.

9.5. Мектептерде кезекші сыныптарды қалыптастыру (білім беру ұйымдарында жаппай жұқтыруды болдырмау үшін, медициналық анықтама болған жағдайда) білім алушылардың ата-аналарының/заңды өкілдерінің өтініші бойынша мектептерде жүзеге асырылады.

9.6. Өтініш қолжетімді байланыс құралдары арқылы электрондық түрде қабылданады(1-қосымша).

9.7. Аралас оқыту кезінде пәндердің 70% - ы штаттық режимде, 30% - ы қашықтан өткізіледі.

9.8. Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады[14].

9.9. Білім беру ұйымдарындағы жиналыстар, педагогикалық кеңестердің отырыстары, ата-аналар жиналыстары, мектепішілік бақылау қашықтан өткізіледі.

10. Қашықтан оқыту:

- денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру ұйымдарына тұрақты бара алмайтын білім алушылар үшін;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін (ЕБҚ) ұсынылады.

10.1. ҚО көшу үшін негіздер:

1) 1-11 сынып білім алушыларының ата-анасының/заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына берген өтініші (2-қосымша);

2) ДКК қорытындысы (зерде бұзылыстары бар балалар санаты үшін – қосымша ПМПК қорытындысы);

3) білім алушыны қашықтан оқытуға ауыстыру туралы мерзімдері көрсетілген білім беру ұйымы басшысының бұйрығы.

10.2. Білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ата-аналармен/заңды өкілдермен келісім бойынша оқытудың синхронды немесе асинхронды форматы таңдалады.

10.3. Педагог ЕБҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлейді.

10.4. Білім беру ұйымы оқу процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

10.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары қажет болған жағдайда ЕБҚ бар білім алушылармен жеке консультациялар өткізеді.

10.6. Білім беру ұйымы білім алушының оқу қызметін үйлестіреді, олармен және ата-аналармен/заңды өкілдермен кері байланысты қамтамасыз етеді.

10.7. ЕБҚ бар білім алушыларды ағымдағы бақылау және жиынтық бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды

пайдаланады, сондай-ақ, білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді.

10.8. Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

10.9. Ата-аналар / заңды өкілдер оқу сабақтарының форматын, кестесін білім беру ұйымымен келіседі және қашықтан оқыту(жұмыс орны, компьютердің/ ноутбуктің болуы, бейне байланыс, интернетке қосылу), сабаққа қатысуды және оқу тапсырмаларының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

11. ҚО халықаралық, республикалық, оқу-жаттығу жиындарының, спорттық жарыстардың, зияткерлік және шығармашылық конкурстардың қатысушылары үшін ұйымдастырылады.

11.1. ҚО көшу үшін негіздер:

1) 1-11 сынып білім алушыларының ата-анасының/заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына берген өтініші (2-қосымша);

2) білім алушының республикалық, халықаралық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысуын растайтын және қатысу мерзімі көрсетілген уәкілетті мемлекеттік орган бұйрығының көшірмесі.

3) Білім алушыны қашықтан оқытуға ауыстыру туралы мерзімдері көрсетілген білім беру ұйымы басшысының бұйрығы.

11.2. Қашықтан оқыту білім алушының мүмкіндіктерін ескере отырып және ата-аналармен/ заңды өкілдермен, сондай-ақ, білім алушыға жауапты жетекші тұлғамен келісім бойынша асинхронды форматта білім беру ұйымының ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

11.3. Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауы көзделген.

11.4. Халықаралық, республикалық, оқу-жаттығу жиындарының, спорттық жарыстардың, зияткерлік және шығармашылық конкурстарды аяқтағаннан кейін білім алушы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрыққа сәйкес және жеке кесте бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырады.

11.5. Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11.6. Ата-аналар/ заңды өкілдер, сондай-ақ білім алушыға жауапты

жетекші тұлға қашықтан оқытуды (жұмыс орны, компьютердің / ноутбуктың болуы, интернетке қосылу) ұйымдастыру үшін жағдайларды, оқу тапсырмаларының орындалуын бақылауды және баланың қорытынды аттестаттауды тапсыруға қатысуын қамтамасыз етеді.

12. Қашықтан оқыту шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының (қызметтік іссапарлар, тағылымдамалар, оқу) балалары үшін ұйымдастырылады.

12.1. ҚО көшу үшін негіздер:

1) ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін мектепке бекітілген жері бойынша 1-11 сынып білім алушылар ата-анасының/заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына берген өтініші ;

2) ата-анасының/заңды өкілдерінің шетелге бару себебін және мерзімін растайтын немесе білім алушылардың алмасуы бойынша оқуға баратынын растайтын құжат.

12.2. Шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алушы балалары үшін қорытынды аттестаттау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Қашықтан оқыту шағын жинақталған мектептерде пән педагогтеріне бос орын болған жағдайда оқу пәндері бойынша ұйымдастырылады.

13.1. ҚО көшу үшін негіздер:

1) пән педагогтеріне бос жұмыс орындарының болуы (педагог кадрлардың тапшылығы);

2) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі;

3) білім алушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығы.

13.2. ШЖМ-де пән педагогтері болмаған жағдайда басқа білім беру ұйымдарының педагогтерін тарта отырып, қашықтан оқыту ұйымдастырылады.

13.3. Білім беру ұйымдарында қолданыста бар компьютерлік жабдықтарды әр нүктеге кемінде 4 мб/с жылдамдыққа ие интернетке қосып, білім алушыларға ұсынады .

13.4 Оқу процесі ата-аналармен/ заңды өкілдермен келісім бойынша асинхронды және синхронды форматта ұйымдастырылады.

13.5 Педагогпен кері байланыс АЖ немесе кез келген байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. ШЖМ білім алушылары үшін сессияаралық кезең қашықтан өткізіледі.

13.6. Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

### **3. Қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқыту процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар**

#### **3.1 Қашықтан оқытудың нормативтік құқықтық актілері**

1.«ҚР Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі No319-III Заңы;

2.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.;

3.ҚО Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар);

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына 2-қосымшасындағы коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік ұсынымдар(15.12. 2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен).

5.«Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

6. «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

7. «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

8. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген).

#### **3.2 ҚО оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың міндеттері**

ҚО оқу-тәрбие процесінің қатысушылары болып білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымы басшысының орынбасары, сынып жетекшісі, педагог, арнайы педагог, ата-ана/ заңды өкіл, білім алушы, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, мектеп кітапханашысы, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор саналады.

Білім беру ұйымының басшысы мынадай басқарушылық шешімдер қабылдайды:

- ҚО ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады;

-білім беру ұйымында ҚО оқу процесін ұйымдастыру үшін әкімшілік тарапынан жауапты лауазымды тұлғаны тағайындайды;

- техникалық сүйемелдеу үшін жауапты тұлғаны тағайындайды.

ҚО бойынша оқу процесін ұйымдастыру:

- педагогтер мен білім алушыларды тиісті интернет-платформаларға қосылу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім алушылар мен педагогтерге логиндер мен парольдерді беру арқылы осы білім беру ұйымы пайдаланатын оқу-әдістемелік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымы басшысының құзыретіне білім алушылар мен педагогтерді олардың тұратын жері бойынша интернет желісіне қосу кірмейді;

- білім алушыларды компьютерлік жабдықтармен және Интернетке қосылумен қамтамасыз етеді;

- сыныптар контингентін, сабақ кестесін, жұмыс кестесін бекітеді;

- ҚО бойынша оқу процесін ұйымдастыруға тұрақты мониторинг жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

- тарификациялық тізім және мектептің оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары негізінде педагогтердің оқу жүктемесін бөледі;

- қажет болған жағдайда ҚО бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін педагогтер мен мамандардың функционалдық міндеттерін қайта бөледі;

- ұйымның іс-әрекетін қамтамасыз ететін қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін айқындайды (әкімшілік, техникалық персонал).

2. Білім беру ұйымы басшысының орынбасары:

- ұлттық білім беру деректер базасын (бұдан әрі-ҰБДБ) білім алушылардың қозғалысы, білім беру ұйымы педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық-техникалық базасы, компьютерлер мен интернеттің болуы туралы (қабылдау-беру актілеріне сәйкес компьютерлерді мектептен уақытша пайдалануға беру туралы) және т. б. ақпараттармен толтырады;

- ҚО кезінде оқу процесінің сапасын мектепшілік бақылау арқылы жүзеге асырады;

-ҚО бойынша оқу процесін синхронды, сондай-ақ асинхронды форматта, оқу уақытын ұтымды пайдалана отырып, СанҚжН талаптарын ескере отырып үйлестіреді;

- МЖМБС, Типтік оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесін және жиынтық бағалауды өткізу кестесін құрастырады;

- бекітілген кестеге сәйкес педагогтердің білім беру қызметін үйлестіреді және кері байланысты қамтамасыз етеді;

- білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша педагогтердің жұмысын үйлестіреді.

3. Сынып жетекшісі:

- білім алушылардың ҚО-да техникалық мүмкіндіктері мен дайындығына мониторинг жүргізеді (компьютердің, Интернеттің, электрондық журналдарға және басқа да интернет-платформаларға қолжетімділіктің болуы);

-білім алушыларды және олардың ата-аналарын/заңды өкілдерін: білім беру ұйымы айқындаған интернет-платформа, сабақ кестесі және жиынтық бағалау жүргізу кестесі туралы хабардар етеді;



- білім алушылардың ата-аналарына/заңды өкілдеріне олардың балаларының сабаққа қатысуы, оқу жетістіктері туралы ақпаратты жеткізеді және қажетті шараларды уақытылы қабылдайды;

- ата-аналарға/заңды өкілдерге сабақ өткізу үшін қажетті жағдайлар жасау туралы нұсқау береді (жұмыс орнын және жабдықты қамтамасыз ету, оқытуды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау);

- қашықтан оқыту кезіндегі білім алушылардың сабақ барысындағы тәртіп ережелерін, этикалық нормаларын түсіндіреді;

- педагогтердің, білім алушылардың және ата-аналардың/заңды өкілдердің білім беру қызметін үйлестіреді, олармен кері байланысты қамтамасыз етеді.

#### 4. Педагог:

- оқу пәні бойынша оқу процесін жоспарлайды және ұйымдастырады;

- ҚО білім беру жағдайында сабақтың оқу-тәрбиелік мақсаттарын анықтайды және жүзеге асырады;

- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сынып бойынша оқу тапсырмаларының белгіленген нормаларын қатаң сақтайды;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы оқытушыларға міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес құжаттаманы жүргізеді;

- білім алушылар мен олардың ата-аналарының / заңды өкілдерінің назарына білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ақпаратты ұсынады;

- бекітілген кестеге сәйкес оқу процесін жүзеге асырады.

- білім алушылардың білім деңгейінің олқылықтарын толтыру жұмыстарын жүзеге асырады;

- білім алушының оқу жүктемесіне және ол оқыған оқу материалына сәйкес сараланған немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді;

- оқу үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін әртүрлі ІТ құралдарын біріктіреді (мессенджерлер + бейнеконференциялар, мессенджерлер + онлайн платформалар, мессенджерлер + телесабақтар, электронды нұсқадағы зертханалық жұмыс);

- білім сапасына жауап береді;

- өзінің ІТ құзыреттілігін жетілдіреді.

#### 5. Арнайы педагог:

- оқу жоспары шеңберінде білімді ойдағыдай игеруге кедергі келтіретін қиындықтардың себептері мен сипатын белгілейді;

- педагогтермен бірге білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;

- білім алушылардың дамыту жеке бағдарламасы аясында қиындықтарды жеңу үшін жұмыс атқарады;

- ҚО-да білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру ортасын құруда және дидактикалық материалдарды бейімдеуде педагогтерге қолдау көрсетеді.

- ата-аналар балаларына оқу міндеттерін орындауда, отбасылық өмірді ұйымдастыруда, балалардың оқу іс-әрекеті үшін арнайы құрал-жабдықтар мен көмекші құралдарды қолдануда көмектесу дағдыларын жетілдіруге қолдау көрсетеді.

#### 6. Ата-ана / заңды өкіл:

- балаларының сабаққа қатысу үшін қажетті жағдайларын жасайды (жұмыс орнын және компьютерлік техниканы Интернетке қосумен, оқытуды ұйымдастыруға, білім беру платформаларына, порталға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, баланың компьютерлік режимін бақылайды);

- бекітілген кестеге сәйкес білім алушының онлайн-білім беру сабағында болуын қамтамасыз етеді және баласының үлгерімін, қорытынды аттестаттауға қатысуын үнемі қадағалайды;

- оқыту тәртібін және қажет болған жағдайда сабақ кестесін келіседі;

- сынып жетекшісімен және мұғалімдермен кері байланыс орнатады;

- уақытында ҚО ауыстыру үшін баланың сабаққа келмеуі (ауруына және басқа себептерге байланысты) туралы сынып жетекшісіне ескерту жасайды;

- баланың психологиялық және физикалық қауіпсіздігі үшін жауап береді.

#### 7. Білім алушы:

- синхронды және (немесе) асинхронды форматтағы сабақтарды ескере отырып, сабақ кестесіне сәйкес келеді және өзінің сабақ күнін жоспарлайды;

- бекітілген кестеге сәйкес материалдарды зерттейді және пәндер бойынша оқу тапсырмаларын орындайды;

- білім беру платформаларының мүмкіндіктері арқылы жауаптарды немесе электрондық пошта арқылы және басқа байланыс түрлері арқылы жібереді;

- педагогтердің оқу міндеттері туралы ескертулерін зерттейді және оның ұсыныстарын орындайды;

- сынып жетекшісімен байланыста болады;

- педагогтермен кез-келген қолжетімді режимде жұмыс істейді, қажет болған жағдайда педагогке сұрақтар қояды;

- компьютерлік техникамен үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығын СанҚМН-ге сәйкес сақтайды;

- ҚО кезіндегі сабақ барысында өзін-өзі ұстау ережелерін, этикалық нормаларын сақтайды.

#### 8. Әлеуметтік педагог:

- білім алушының жеке басының және шағын ортаның, өмір сүру жағдайының психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді;

- қызығушылықтар мен қажеттіліктерді, проблемаларды, жанжалды жағдайларды, білім алушылардың мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды;

- оларға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді;

- білім алушы отбасы мүшелерімен ықпалдасып, ҚО-дың ұйымдастырушылық мәселелері бойынша кеңес береді, отбасында және мектепте балалардың құқықтарының сақталуын бақылайды.

#### 9. Педагог-психолог:

- психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді, ата-аналарға, білім алушылар мен педагогтерге сұраныс бойынша кеңес береді;

- баланың отбасымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

- білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысу уәждемесін қалыптастырады, оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін;

- ЕБҚ білім алушыларға психологиялық қолдау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

- ҚО жағдайында оқу материалын қабылдауға байланысты қиындықтарды жеңуде психологиялық көмек көрсетеді;

- ЕБҚ бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады.

#### 10. Мектеп кітапханашысы:

- педагогтер мен білім алушыларды білім беру және педагогикалық әдебиеттермен, соның ішінде онлайн кітапхана мен бекітілген электрондық оқулықтармен қамтамасыз етеді;

- білім беру процесінің барлық қатысушыларына: мектеп әкімшілігіне, педагогикалық ұжымға, білім алушылар мен ата-аналарға кітапханалардың электрондық қорларына еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді;

- ақпаратты іздеу мен таңдауда кеңестік және практикалық көмек көрсетеді.

#### 11. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі Инспектор:

- кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

- кәмелетке толмағандарға, олардың ата-аналарына/заңды өкілдеріне өмірлік қиын жағдайды еңсеруде жеке кеңес беруді ұйымдастыру арқылы әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетеді;

- білім алушылармен және олардың ата-аналарымен/ заңды өкілдерімен профилактикалық әңгімелер жүргізеді;

- білім беру ұйымының педагогикалық ұжымына білім алушылар мен ата-аналар/заңды өкілдер арасында бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу мәселелерінде ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсетеді.

### **3.3 Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін қашықтан ұйымдастыру бойынша ұсынымдар**

1. Қашықтан оқыту тәртібінде оқу процесін ұйымдастыру үшін мектеп педагогтердің негізгі сұраныстарына сәйкес келетін, функционалдық мүмкіндіктері бойынша неғұрлым қолайлы инфрақұрылымы және білім беру мазмұны бар интернет-платформаны таңдайды.

ҚО үшін икемді сабақ кестесі жасалады, бұл ретте 1-5 сынып сабақтарын сағат 9:00-ден бастап, 6-11 сынып сабақтарын сағат 14:00-ден бастап қою ұсынылады.

Педагогтер оқу процесін ұйымдастыруда, интернет-платформалардан басқа, кез-келген қолжетімді байланыс құралдарын қолдана алады.

ҚО процесіне санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалардың (бұдан әрі - СанҚЖН) талаптарын және оқу уақытын ұтымды пайдалануды ескере отырып, синхронды, асинхронды стриминг форматына өтуі мүмкін. Бұл жағдайда сабақтар екі нұсқаны біріктіре отырып немесе тек асинхронды форматта өткізілуі мүмкін. Интернет-платформаларға қосылу бойынша проблемалар туындаған кезде, педагогтің қалауы бойынша кез келген қолжетімді байланыс құралдары арқылы сабақтар өткізуге жол беріледі.

2. Синхронды форматта оқыту интернет-платформалар мен басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, педагогтің білім алушылармен нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейді.

3. Педагог стримингке шығу үшін сабақтың белгілі бір бөлігін бөліп көрсете алады, сабақтың қалған бөлігін асинхронды форматта өткізе алады. Сабақтарды нақты уақыт режимінде (стримингтің) өткізу міндетті емес. Мұғалім сабақтың мақсаттарына сүйене отырып, сабақтың қай бөлігін, аптасына (тоқсанда) нақты уақыт режимінде қанша сабақ өткізе алатындығын анықтайды.

4. Сабақтың асинхронды форматы – электронды платформалардың мүмкіндіктері арқылы мұғалімнің білім алушылармен өзара әрекеттесуі, мұндай формат өз бетінше оқуға арналған контент және оған мұғалімнің кері байланысын көздейтін оқу тапсырмаларынан тұрады.

5. Оқу процесін қашықтан (синхронды және асинхронды режимінде) ұйымдастыру үшін мектеп барлық педагогтер мен білім алушылар үшін электрондық платформаларға қосылуы тиіс.

6. Мектептегі сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады.

1) Тікелей трансляцияда синхронды формат негізінде оқыту үшін оқу процесін асинхронды оқыту форматымен үйлестіре отырып, СанҚЖН-ға сәйкес сабақтың 10-нан 30 минутқа дейінгі уақытын бөлуге болады.

2) Мұғалім білім алушыларды стриминг режимінде сабаққа алдынала дайындап, оларға іс-қимыл алгоритмі бар жадынаманы беруі керек. Сабаққа дейін:

- құрылғыға қосымшасын жүктеңіз;
- қосымша баптауларының жұмысын тексеріңіз (микрофон, видео, экран демонстрациясы және т.б.);
- сабақ алдында 10-15 минут ішінде платформаға қосылуды тексеріңіз;
- тіркеу үшін өзіңіздің аты-жөніңізді, сыныбыңызды пайдаланыңыз;

Сабақ кезінде:

- бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз етіңіз;

- микрофон режимін қадағалаңыз (қажет болған жағдайда ғана қосыңыз);
- бейне режимді бақылаңыз;
- этикалық мінез-құлық нормаларын сақтаңыз;
- платформа құралдарын дұрыс пайдаланыңыз (қажет болған жағдайда: мұғалімге немесе чатқа барлығына хабарлама жазу, бейне/аудио немесе презентацияны қосу, «қолды көтеру», «иә/жоқ», «бас бармақ» және т.б. батырмаларды басу).

3) Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және іске асыру кезінде мұғалім оқу мақсатына байланысты сабақтың синхронды және асинхронды бөлігі үшін мазмұны мен уақытын ұтымды бөлуі керек. Техникалық проблемалар туындаған және тікелей эфирге шығу мүмкін болмаған жағдайда мұғалім сабақты асинхронды форматқа ауыстырады.

4) Сабақтың синхрондық форматтағы сабақ құрылымына енеді:

- қамтылған материалдың қысқаша мазмұны: жаңа тақырыпты түсіндіру үшін қажетілігі бойынша логикалық байланысқан алдыңғы тақырыптардың негізгі бөлімін мазмұндау;

- білімалушылардың назарын жаңа материалды оқып үйренуге қажет болуы мүмкін білім мен дағдыларға аудару;

- жоспарға сәйкес жаңа материалды таныстыру;

- материалды бекіту бойынша ұсынымдар.

5) Сабақтың мазмұны келесі талаптарға сай болуы керек:

- ақпаратты нақты құрылымдау: тапсырыс беру, жүйелеу;

- негізгі дидактикалық принциптерді ескеру: ғылыми сипат, көріну, қол жетімділік, саналылық, теория мен практика арасындағы байланыс, циклдік, танымал ғылыми презентация, оқу материалының эстетикасы;

- теледидар, ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиялық технологиялар саласындағы заманауи әлемдік жетістіктерге сәйкестігі;

- қабылдауды ескере отырып, аудиовизуалды ақпараттың жеткілікті көлемі мен әсер ету ұзақтығы;

- түрлі ақпараттық оқу материалдарын қолдану: мәтін, презентациялар, графика, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және басқалар.

6) Оқу тапсырмалары ұсынылған көлемнен аспайды, орындау алгоритмімен және электронды оқу материалына қажетті сілтемелермен бірге жүреді (IV бөлім).

7) Мұғалім белгіленген тәртіппен кері байланысты қамтамасыз етеді; электрондық журналдар болмаған жағдайда кері байланыс мұғалімнің еркі бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүзеге асады;

8) Сабақ жазбасы сақталады және білім алушыларға кез-келген уақытта материалдарға қолжетімділікке мүмкіндік береді.

9) Стримингке шығу мүмкіндігі болмаған жағдайда педагог сабақтарды тек асинхронды форматта өткізеді.

3.4 Асинхронды форматтағы сабақтар бойынша ұсынымдар:

1) Асинхронды форматтағы сабақ мұғалім білімалушылармен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара

әрекеттескенде жүзеге асырылады. Сабаққа арналған оқу тапсырмаларын электрондық платформалардың мазмұны мен мүмкіндіктерін ескере отырып мұғалім әзірлейді. Оларға электронды оқулықтар, бейнелер, шеберлік тренажерлері, білімді бақылау ресурстары және басқалары кіретін цифрлық білім беру ресурстары жатады.

2) Педагог асинхронды форматтағы сабақ дайындау барысында:

- сабақтың түрін, мақсатын анықтайды;
- сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалын дайындайды (электронды оқулықтар, бейнематериалдар, ТВ-сабақтар, презентациялар және т. б.);
- мұғалім оқу процесінде интернет-платформада орналасқан материалдарды ғана емес, сонымен қатар өзінің оқу материалдарын да пайдаланады;
- оқушыға өздігінен оқуы үшін оқу материалын ұсынады;
- білім алушыларға кез келген уақытта қайта қарауға электронды платформада орналастырылған немесе мұғалім жазған теледидар сабағын немесе бейне сабағын көруге мүмкіндік береді;
- Интернет-платформаларда орналастырылған қолжетімді сандық білім беру ресурстарын ұсынады;
- оқу тапсырмаларын сабақтың мақсатына сәйкес ұсынылған көлемге сәйкес, орындау тәртібі мен уақыт шығындарын, сондай-ақ білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып әзірлейді;
- электрондық платформалар немесе электрондық пошта мүмкіндіктері арқылы қажетті сілтемелер бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, білім алушыларға оқу тапсырмасын жібереді немесе басқа да қол жетімді байланыс құралдары;
- орындалған жұмыстарды қабылдайды және білім алушыларға белгіленген тәртіппен кері байланысты жүзеге асырады, электрондық журналдар болмаған жағдайда кері байланыс мұғалімнің еркі бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүзеге асады.

3.5 Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану бойынша ұсыныстар:

